**Кітапхананың 2021-2022 оқу жылындағы оқулықтармен қамтамасыз ету туралы мәлімет**

Жалпы кітап қоры: 20472
Оқулық саны:16694
Әдеби кітап: 2173
Әдістемелік :533
Анықтамалық : 119
Сөздіктер: 60
Электронды оқулық: 893
Есептен шығарылғаны: 1649
Жаңа келген оқулық: 1719
Оқушыларды оқулықпен қамтылуы. 99 %

| **Сыныбы** | **Оқушы саны** | **Оқулық саны** | **Қамтылуы %** |
|---|---|---|---|
| 1 | 66 | 70 | 100% |
| 2 | 73 | 91 | 100% |
| 3 | 80 | 86 | 98% |
| 4 | 86 | 85 | 100% |
| 5 | 87 | 112 | 100% |
| 6 | 81 | 103 | 100% |
| 7 | 90 | 96 | 100% |
| 8 | 85 | 96 | 100% |
| 9 | 86 | 78 | 81% |
| 10 | 55 | 74 | 100% |
| 11 | 59 | 56 | 95% |
| **Барлығы** | **848** | | **98%** |

**№22 З.Рүстемов атындағы жалпы орта мектеп кітапханашыларының 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі.**

**Тамыз** айында мектеп оқушылары оқулықпен 98 пайыз қамтамасыз етілді. **Қыркүйек** айында **"Мемлекеттік тілді құрметтеу-қазақ тілінің мәртебесін көтеру"** атты мектепішілік іс-шара болып өтті. Іс-шара аясында мектеп кітапханасында **"Тіл татулықтың- тірегі"** атты көрме қойылып, 5-6 сынып аралығында **"Тілге құрмет –елге құрмет"** тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

**"100 кітап"**жобасы аясында кітап оқу ұйымдастырылды.

Кітап оқу мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

**Қазан** айында «Сиқырлы кітаптар еліне саяхат. Іс-шара барысында 2-3сынып оқушыларын кітапхана қорымен таныстырып,оқушыларға кітапханашыы апай қызықты ертегілер оқып берді. Оқушылар тыңдаған ертегілерінен түсінгені туралы мазмұнын айтып жарыса пікір алмасты.

**"Оқуға құштар мектеп"**жобасының жоспары аясында кітапханада өткізілген 8-9 сынып оқушылар аралығында**"100 кітап"** жобасы аясында ұсынылған орыс ақын -жазушылардың әдеби шығармаларын мазмұнын айтып, пікірлерін ортаға салды. Қазіргі таңда әдеби кітаптардың электронды

нұсқалары бар, бірақ ,оқушылар кітаптан оқығандай әсер алмайтындарын айтты.

**Қараша** айында бастауыш сынып оқушыларымен **"Бірге кітап оқимыз!"** атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты- 15 минут ішінде ертегі кітабын оқып, мазмұнын айтып беру.

**"REDAx"** жобасы аясында 5-10 сынып оқушылары мен үйірме оқырмандарымен **"Лидер Reader ON"** ұйымдастырылды.Кітап оқуды үздіктік 13 оқушы анықталды. Оқырман үздіктері ақындардың шығармаларын мінерлеп, нақышына келтіріп мазмұнын айтты.

**Желтоқсан** айында 16- желтоқсан Қазақстан Респуликасының Тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздігіміздің 30 жылыдығына-30 кітап»орай рухани –мәдени акциясы ұйымдастырылды.Оқырмандарға мемлекет тәуелсіздігінің қалыптасуы туралы мағұлмат беру, еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарау, отанын сүюге, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу мақсатында **"Тәуелсіздік- баға жетпес байлығы"** атты кітапханада көрме ұйымдастырылды.

**Қаңтар** айында мектеп кітапханасында оқырмандарды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Bookcrossing» жобасын ұйымдастыру.

**Ақпан** айында ақын, драматург,аудармашы М. Мақатаевтың туған күніне орай 7-9 -сыныптар бойынша Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтып сайысқа түсті.

**Наурыз** айында әдеби кітап қорын ұлғайту мақсатында **"Ерікті кітап өткізуші"**акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп ұжымы,оқушылар және ата-аналар белсене қатысып, өздері оқыған ақын жазушылардың кітаптарын мектеп кітапханасына тапсырды.

**Сәуір** айында «Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі мұғалімдері мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен 5-10 сынып аралығында өткен **"Ең үздік сынып"**атты эссе **«Менің сүйікті ақыным»** тақырыбында сайысы өткізілді.

**"Оқуға құштар мектеп"**жобасы аясында Абай Құнанбаевтың өлеңдермен қара сөздерін 5-7 сынып оқушылар арасында жатқа айтты.

**Мамыр** айында 1мамыр **"Бірлігі жарасқан елім бар"** көрме ұйымдастырылды.

**"Ұлы жеңіске -76 жыл"**көрме ұйымдастырлып, **"9мамыр –Жеңіс күні"**атты іс -шара өтті. Іс-шараның мақсаты Ұлы Отан соғысымен,ерлік істерімен таныстырып,ой-өрісін дамыту. Іс-шараларға белсене қатысқан оқушыларды кітапханашылармен мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды.